

Хаттама № 1

ҚОББ «№1 арнайы мектеп-интернаты» КММ бос лауазымдарға педагогтер қабылдау комиссиясының отырысы

Өткізілген күні: 29.08.2022ж

Комиссия мүшелері - 9

Күн тәртібінде:

1. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығы негізінде «№1 арнайы мектеп-интернаты» КММ 2022-2023 оқу жылына: бастауыш сынып мұғаліміне -1 бірлік, информатика пәні мұғаліміне -1 бірлік, география пәні мұғаліміне -0,7 бірлік негізінде конкурсқа қабылдау.
2. Үміткерлерді ұсынған құжаттардың және өткізілген әңгімелесудің нәтижелері негізінде бағалау және бос лауазымдық орынға тағайындау.

1. Тыңдалды.

Бірінші мәселе бойынша комиссия төрағасы Нұрмұхамбетова Индира Адылғазиқызы білім беру ұйымына конкурсқа қатысушы педагогтар туралы мәлімет берді. Аталған лауазымдар арасында бастауыш сынып мұғалімі, информатика пәні мұғалімі және география пәні мұғалімі лауазымына 3 үміткер келді. Қабылдау конкурсына 3 үміткер құжаттарын тапсырды.

1. Кипшакова Самал Асқарқызы - бастауыш сынып мұғалімі. Білімі - жоғары. Педагогикалық жұмыс өтілі жоқ. Санаты жоқ.
2. Бодан Гүлім Даниярқызы - тарих пәні мұғалімі. Білімі - орта. Педагогикалық жұмыс өтілі – 2 жыл. Санаты жоқ.
3. Хикметова Гулмира - география пәні мұғалімі. Білімі - жоғары. Педагогикалық жұмыс өтілі – 20 жыл. Санаты – сарапшы.

Екінші мәселе бойынша конкурстық комиссия құрамының мүшесі директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ибраева Айтжамал Жұматайқызы конкурс бойынша педагог қызметкерінің бос лауазымға ұсыну туралы сөз сөйледі. Үміткердің ұсынған құжаттары және өткізілген әңгімелесу нәтижесі негізінде бағалау және бос лауазымдық орынға ұсынылғанын айтты.

Кандидаттың бағалау парағының қорытындысы:

Кипшакова Самал Асқарқызы - 7 б.

Бодан Гүлім Даниярқызы - 6 б.

Хикметова Гулмира Кайратовна – 18 б.

Шешім:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы 2012 жылғы 21

ақпандағы №57 бұйрығына сәйкес келесі педагогтер 2022-2023 оқу жылына конкурстық комиссиясының шешімімен біліктілік талаптарға сәйкес бос лауазымға ұсынылсын:

Кипшакова Самал Асқарқызы - бастауыш сынып мұғалімі;
Бодан Гүлім Даниярқызы - информатика пәні мұғалімі;
Хикметова Гудмира Қайратовна – география пәні мұғалімі.

Комиссия төрағасы Нұрмұхамбетова И.А.
Комиссия мүшелері: Ибраева А.Ж.
Елегенова А.М..
Жаманқұлова Б.З.
Меңдібаева М.М.
Узақбаева А.М.
Абдуова А.Б.
Жампеисова А.Ж.
Кузембаева А.К.
Баймағанбетов З.Р.

Хатшы